

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер**

**Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства**

**Фен-койлдарды монтаждау және іске қосу-жөндеу
жөніндегі жұмыстарды жүргізу**

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КАРТА

**производства работ по монтажу и пуско-наладке
фен-койлов**

ТК 4.02-01-2011

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі**

**Агентство Республики Казахстан по делам строительства
и жилищно-коммунального хозяйства**

Астана 2011

ТК 4.02-01-2011. Технологиялық карта
ТК 4.02-01-2011. Технологическая карта

Алғы сөз

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН** «ҚазҒЗСТҚСИ» РМК және ОАО «ОРГСТРОЙ»
- 2. ҰСЫНҒАН** ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің Ғылыми-техникалық саясат және нормалау департаменті
- 3. ҚАБЫЛДАҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ** ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің 29.12.2011 жылғы №536 бұйрығымен 01.05.2012 жылдан бастап
- 4. ОРНЫНА** алғашқы рет

Предисловие

- 1. РАЗРАБОТАНЫ** РГП «КазНИИССА» и ОАО «ОРГСТРОЙ»
- 2. ПРЕДСТАВЛЕНЫ** Департаментом научно-технической политики и нормирования Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
- 3. ПРИНЯТЫ И ВВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ** Приказом Агентства РК по делам строительства и ЖКХ от 29.12.2011 года №536 с 01.05.2012 года
- 4. ВЗАМЕН** впервые

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

Мазмұны

1 Қолданылу саласы.....	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Жалпы ережелер.....	3
4 Қолданылатын негізгі материалдар мен бұйымдардың сипаттамалары	4
5 Жұмыстар жүргізуді ұйымдастыру және олардың технологиясы	8
6 Материалдық-техникалық ресурстардың қажеттілігі	17
7 Жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар.....	20
8 Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау	24
9 Еңбек шығындардын калькуляциясы	30

**БЕЛГІ ҮШІН
ДЛЯ ЗАМЕТОК**

ФЕН-КОЙЛДАРДЫ МОНТАЖДАУ ЖӘНЕ ІСКЕ ҚОСУ-ЖӨНДЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

Енгізілген мерзім 2012.05.01

1 Қолданылу саласы

1.1 Фен-койлдарды монтаждау және іске қосу-жөндеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу технологиялық картасы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің (НҚА), нормативтік-техникалық құжаттардың (НТҚ) талаптарына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының құрылыс объектілерінде қолдануға арналған.

1.2 Технологиялық карта құрылыс жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру, олардың технологиясы және механизациясы жөніндегі ұтымды шешімдермен құрылысты қамтамасыз етуге арналған.

1.3 Фен-койл (fan coil немесе желдеткіштік жеткізгіш) – бұл үй-жайдың ішіне орнатылатын және қоғамдық-әкімшілік ғимараттарды және орта мөлшердегі құрылыстарды салқындатуға немесе жылытуға арналған «чиллер - фен-койл» ауаны баптау жүйесінің дербес аппараты.

1.4 Технологиялық картада:

- қолданылу саласы;
- нормативтік сілтемелер;
- қолданылатын негізгі материалдар мен бұйымдардың сипаттамалары;
- жұмыстар жүргізуді ұйымдастыру және олардың технологиясы;
- материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік;
- жұмыс сапасына қойылатын талаптар;
- қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау;
- еңбек шығындардың калькуляциясы.

1.5 Осы технологиялық картадағы еңбек режимі жұмыс орнын ұтымды ұйымдастыру, еңбек бөлінісін ескере отырып, бригаданың жұмысшылары арасындағы міндеттерді нақты бөлу, жетілдірілген құралдар мен мүкәммалды қолдану кезінде еңбек үдерістерін орындаудың оңтайлы қарқыны шарттарынан қабылданды.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы технологиялық картада мынадай нормативтік-техникалық құжаттарға (НТҚ) және басқа да құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 08.02.2006 жылғы № 35 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Өрт қауіпсіздігі қағидасы

ҚР ҚНЖҚ 1.03-05-2001 Құрылыста еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы.

ҚР ҚНЖҚ 1.03-06-2002* Құрылысты жүргізу. Кәсіпорындарды, ғимараттар мен құрылыстарды салуды ұйымдастыру.

ҚР ҚНЖҚ 4.02-42-2006 Жылу, желдету және баптау.

ҚНЖҚ 3.05.01-85 Ішкі санитарлық-техникалық жүйелер.

ҚНЖҚ Р 3.05-09-2002* Технологиялық жабдықтар және технологиялық өткізу түтіктері.

МСТ 12.0.004-90 ЕҚСЖ. Еңбек қауіпсіздігіне оқытуды ұйымдастыру. Жалпы ережелер.

МСТ 12.1.004-91 ЕҚСЖ. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

МСТ 12.1.013-78 ЕҚСЖ. Құрылыс. Электр қауіпсіздігі. Жалпы талаптар

МСТ 12.1.046-2002 Құрылыс. Құрылыс алаңдарын жарықтандыру нормалары .

МСТ 12.3.003-86*	ЕҚСЖ. Электрмен дәнекерлеу жұмыстары. Қауіпсіздік талаптары.
МСТ 12.3.009-76	ЕҚСЖ. Тиеу-түсіру жұмыстары Жалпы қауіпсіздік талаптары.
МСТ 12.3.018-79	ЕҚСЖ. Желдеткіш жүйелері. Аэродинамикалық сынау әдістері.
МСТ 12.4.010-75	ЕҚСЖ. Жеке қорғану құралдары. Арнайы қолғаптар. Техникалық шарттар.
МСТ 12.4.011-89	ЕҚСЖ. Жұмысшыларды қорғау құралдары. Жалпы талаптар және жіктеме.
МСТ 12.4.013-85	ЕҚСЖ. Қорғаныштық көзәйнек. Жалпы техникалық шарттар.
МСТ 12.4.026-76	ЕҚСЖ. Дабыл беру түстері және қауіпсіздік белгілері.
МСТ 12.4.028-76	ЕҚСЖ. ШБ-1 «Лепесток» респираторлары. Техникалық шарттар.
МСТ 12.4.035-78	ЕҚСЖ. Электрмен дәнекерлеушілерге арналған беттік қалқандар. Техникалық шарттар.
МСТ 12.4.087-84	ЕҚСЖ. Құрылыс. Құрылыс каскалары. Техникалық шарттар.
МСТ 12.4.089-86	ЕҚСЖ. Құрылыс. Алдын ала қорғану белдіктері. Жалпы техникалық шарттар.
МСТ 12.4.100-80	Уытты емес шаңнан, механикалық әсерден және жалпы өндірістік ластанудан қорғануға арналған ерлердің комбинезондары. Техникалық шарттар.
МСТ 12.4.107-82	ЕҚСЖ. Құрылыс. Сақтандыру арқандары. Жалпы техникалық шарттар.
МСТ 1868-88	Техникалық және шаруашылық жіптері. Техникалық шарттар.
МСТ 2034-80	Спираль бұрғылар. Техникалық шарттар.
МСТ 2310-77	Слесарлық болат балғалар. Техникалық шарттар.
МСТ 2838-80	Гайка кілттері. Жалпы техникалық шарттар.
МСТ 5375-79	Нысанды резеңке етіктер. Техникалық шарттар.
МСТ 6645-86	Металға арналған кесу дүзі. Техникалық шарттар.
МСТ 9466-75	Болат пен қорытпаларды қолмен доғалап дәнекерлеуге арналған металмен жабылған электродтар. Жіктеме және жалпы техникалық шарттар.
МСТ 10597-87	Сыршының бояу жаққыштары мен щеткалары. Техникалық шарттар.
МСТ 17012-71	Қатты қорытылған бұрғылар. Түрлері және негізгі мөлшері.
МСТ 23407-78	Құрылыс алаңдары мен құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу учаскелерін мүкәммалдық қоршаулар. Техникалық шарттар.
МСТ 24258-88	Төсеу құралдары. Жалпы техникалық шарттар.
МСТ 26887-86	Құрылыс-монтаж жұмыстарына арналған алаңдар мен баспалдақтар. Жалпы техникалық шарттар.

Электр қондырғыларын орнату қағидасы ЭОҚ (Алматы 2008).

Осы технологиялық картаны қолданған кезде ағымдағы жылғы 1 қаңтарда жасалған Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік-техникалық

құжаттардың тізбесі бойынша НҚА және НТҚ, сондай-ақ ағымдағы жылы жарияланған тиісті ақпараттық көрсеткіштер бойынша күшіне енген НҚА және НТҚ әрекетін тексеру қажет.

Егер сілтеме жасалатын НҚА және НТҚ ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы технологиялық картаны қолдану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) НҚА және НТҚ басшылыққа алу қажет.

Егер сілтеме жасалатын НҚА және НТҚ ауыстырылмай күші жойылса, онда оларға сілтеме жасалған ереже осы сілтеме қозғалатын бөлікте қолданылады.

3 Жалпы ережелер

3.1 Фен-койлдар әр түрлі орындалумен шығарылады (корпуста тігінен ашық орнату үшін, корпуссыз тігінен жасырын орнату үшін, корпуста төбенің астына көлденеңінен ашық орнату үшін, аспалы төбеге көлденеңінен жасырын орнату үшін, кассета немесе шкаф түрінде) және бірнеше үй-жайларға немесе қабаттарға қызмет көрсете отырып, тобымен орнатылуы мүмкін.

3.2 Технологиялық картада фен-койлдарды мынадай негізгі көрсеткіштер бойынша монтаждау мен іске қосу-жөндеу үдерісі қарастырылады:

- номиналдық суық шығарушылық 1,4...7,3 кВт;
- номиналдық жылу шығарушылық 2,0...9,8 кВт;
- ауаның жұмсалуды 90...440 л/с.

3.3 Жұмыс жүргізу шарттары және ерекшеліктері:

- фен-койлдарды монтаждау және іске қосу-жөндеу жөніндегі жұмыстар ҚР ҚНЖҚ 1.03-06, ҚР ҚНЖҚ 4.02-42, құрылысты ұйымдастыру жобасында (ҚҰЖ), жұмыс жүргізу жобасында (ЖЖЖ) және осы технологиялық картада көзделген технологиялық талаптар сақталған кезде жобалық-сметалық құжаттаманың талаптарына сәйкес орындалуға тиіс;

- жұмыс орындарының жарықтандырылуы МСТ 12.1.046 сәйкес келуге тиіс;

- фен-койлдарды монтаждау және іске қосу-жөндеу жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде температуралық-ылғалдылық режимі ҚР ҚНЖҚ 4.02-42, қолданылатын жабдықты монтаждау және пайдалану жөніндегі паспорттар мен нұсқаулықтардың талаптарына сәйкес қабылданады;

- ауаны баптау жүйелерін монтаждауды жиынтықты ірілендірілген блоктармен жеткізілетін өткізу түтіктерінің (ауа өткізгіштердің) және жабдықтардың тораптарынан индустриалдық әдістермен орындау қажет;

- фен-койлдарды монтаждауды, оларды жеке сынауды және іске қосу-жөндеу жұмыстарын ҚНЖҚ 3.05.01 талаптарына сәйкес объектінің құрылыстық дайындығы кезінде (жалпы құрылыстық және әрлеу жұмыстары, электрмен жабдықтау және жылумен, суықпен жабдықтау жүйелерін монтаждау мен жеке сынау) орындау қажет.

3.4 Осы технологиялық картада қарастырылатын фен-койлдарды монтаждау және іске қосу-жөндеу жөніндегі жұмыстардың құрамына мыналар кіреді:

а) дайындық жұмыстары;

б) негізгі және қосалқы жұмыстар:

- бекіту элементтерін монтаждау;
- фен-койл блогын монтаждау;
- апаратын өткізу түтіктерін монтаждау;
- электр-монтаждау жұмыстары;
- жүйені жеке сынау;
- іске қосу-жөндеу жұмыстарының кешені.

в) қорытынды жұмыстар.

3.5 Осы технологиялық картада мыналар қарастырылмайды:

- ауаны баптау жүйесі магистралдық құбыржолдарының желілерін монтаждау;
- баптау жүйесіне хладагент толтыру;
- төсеу құралдарын орнату және қайта орнату.

3.6 Технологиялық карта ҚР ҚНЖҚ 1.03-05, ҚР ҚНЖҚ 1.03-06, қолданылатын машиналар мен тетіктер паспорттарының және осы технологиялық картаның 2.3-тармағының талаптары сақталған кезде жұмыстарды бір-екі ауысымда орындауды көздейді.

3.7 Технологиялық картаны нақты объектіге байланыстыру кезінде жұмыстардың, механикаландыру құралдарының құрамын, еңбек және материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілікті нақтылау, сапаны, қауіпсіздік техникасын және еңбектің қорғалуын бақылау жөніндегі іс-шараларды түзету қажет.


4 Қолданылатын негізгі материалдар мен бұйымдардың сипаттамалары

4.1 Фен-койл (желдеткіштік жеткізгіш) – бұл ауаны баптау жүйесінің дербес аппараты. 1-суретте фен-койлдың сыртқы түрі келтірілген.



1-сурет - Фен-койлдың сыртқы түрі

Фен-койлдың үлгі конструкциясы 2-суретте келтірілген негізгі элементтерден тұрады.



- 1 – су бойынша төмен температуралы датчик (*); фен-койлдың 2 – корпусы (рама);
 3 – ауа клапаны; 4 – суға қосу патрубкалары;
 5 – конденсатты бұруға арналған патрубкка; 6 – ауа сүзгісі; 7 – желдеткіш;
 8 – электр қозғалтқыш; 9 – жылу алмастырғыш; 10 – бөлмелік температура датчигі (*);
 11 – басқару құрылғысы (*)

ЕСКЕРТПЕ «*» белгісімен жеткізу жиынтығындағы қосымша опция белгіленген

2-сурет – Фен-койлдың үлгі конструкциясы

Фен-койлдардың техникалық сипаттамалары (түріне-мөлшеріне байланысты) 1-кестеде келтірілген.

1-кесте - Фен-койлдардың техникалық сипаттамалары

Параметрдің атауы	Түр-мөлшерлері						
	16	25	33	43	50	60	75
<i>Тангенциалды желдеткіші бар үлгілер</i>							
Ауа беру, л/с	90	131	158	227	242	-	-
Ең көп суық шығарғыштығы, кВт	1,43	2,18	3,14	4,04	4,42	-	-
Іс жүзіндегі суық шығарғыштығы, кВт	1,11	1,82	2,52	3,28	3,55	-	-
Судың шығыны (салқындату), л/ч	246	375	540	695	760	-	-
Гидравликалық кедергі (салқындату), кПа	18	12	10	18	20	-	-
Жылу шығарғыштығы, кВт	2,02	3,05	4,3	5,79	6,24	-	-
Электр қыздырғыштың қуаты (min/max), кВт	0,5/1,0	1,0/2,0	1,0/2,0	1,5/3,0	1,5/3,0	-	-
<i>Орталықтан тебетін желдеткіші бар үлгілер</i>							
Ауа беру, л/с	92	167	190	239	282	339	438
Ең көп суық шығарғыштығы, кВт	1,44	2,43	3,53	4,17	4,94	5,87	7,26
Іс жүзіндегі суық шығарғыштығы, кВт	1,12	2,04	2,82	3,31	3,93	4,88	6,14
Судың шығыны (салқындату), л/ч	248	418	607	717	850	1010	1249
Гидравликалық кедергі (салқындату), кПа	17	14	13	20	23	19	18
Жылу шығарғыштығы, кВт	2,02	3,66	5	6	6,84	7,85	9,8
Электр қыздырғыштың қуаты (min/max), кВт	0,5/1,0	1,0/2,0	1,0/2,0	1,5/3,0	1,5/3,0	1,5/3,0	1,5/3,0
<i>Тұтынылатын ток, А</i>							
Орталықтан тебетін желдеткіш	0,15	0,35	0,38	0,33	0,43	0,51	0,72
Тангенциалды желдеткіш	0,14	0,15	0,19	0,25	0,31	-	-
<i>Тұтынылатын қуат, Вт</i>							
Орталықтан тебетін желдеткіш	32	78	85	75	98	113	164
Тангенциалды желдеткіш	32	32	44	57	69	-	-

1-кесте (жалғасы)

Параметрдің атауы	Түр-мөлшерлері						
	16	25	33	43	50	60	75
Корпусымен бірге тік (көлденең) блоктардың салмағы, кг	17	19	19	22	22	35	35
Тік (көлденең) салынатын үлгілердің салмағы, кг	13	15	15	16	16	28	28

4.2 Фен-койлды ауаны баптаудың жалпы жүйесіне қосуға арналған жеткізілімдердің жиынтығына кіретін түтіктер, патрубклар, клапандар және басқа да бөлшектер объектіге контейнерлермен немесе дайындаушы зауыттардың пакеттерімен жеткізіледі. Әрбір контейнер немесе пакет қолданыстағы стандарттарға және техникалық шарттарға сәйкес таңбалануға тиіс.

Бөлшектерге немесе тораптарға орнатылмаған бекіту арматурасы, автоматтау приборлары, бақылау-өлшеу приборлары, біріктіру бөліктері, аралық қабаттар, болттар, гайкалар, шайбалар және басқа да элементтер жеке қатталуға тиіс, бұл ретте контейнердің таңбалануында жеткізілетін бұйымдардың атауы және белгілері көрсетіледі.

4.3 Ауаны баптау жүйесінің жабдықтары, бөлшектері және бұйымдары көліктің осы түріне қолданылатын тасымалдау қағидаларына сәйкес көліктің кез келген түрімен дайындаушы зауыттың қаттамасында тасымалданады, ал әрбір партия сапасы туралы құжатпен сүйемелденуге тиіс. Контейнерлерді немесе пакеттерді тасымалдау, тиеу және түсіру кезінде олардың механикалық бүлінулерден қорғалуын қамтамасыз ететін шараларды қабылдау қажет.

Ауаны баптау жүйесінің жабдықтарын, бөлшектерін және бұйымдарын қаттамадағы дабылдық және ескертпе таңбаларды сақтай отырып, дайындаушы зауыттың қаттамаларына салынып, құрғақ және жабық қойма үй-жайларында сақтау қажет.

5 Жұмыстар жүргізуді ұйымдастыру және олардың технологиясы

5.1 Жұмыстар жүргізуді ұйымдастыру

5.1.1 Фен-койлдарды монтаждау және іске қосу-жөндеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды жобалық құжаттаманың, ҚР ҚНЖҚ 1.03-06, ҚР ҚНЖҚ 4.02-42, ЖЖЖ және осы технологиялық картаның талаптарына сәйкес орындау қажет.

5.1.2 Жұмыс жүргізуді бастағанға дейін:

- жұмыстарды жауапты басқарушыны тағайындау;
- жабдықтарды монтаждау жөніндегі құрылыс-монтаж жұмыстарын орындауға наряд-рұқсат алу;

- нұсқамаларды тіркеу журналына қол қойғыза отырып, қызметкерлерге қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау, электр, өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша нұсқама жүргізу;

- жұмыс персоналын жобалық құжаттамамен, ҚҰЖ, ЖЖЖ және осы технологиялық картамен таныстыру;

- жұмысшылар мен қызметкерлерді қажетті құралмен, мүкәммалмен, айлабұйымдармен, жарақпен, арнайы киіммен, аяқ киіммен, қорғаныш каскаларымен және басқа да жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету;

- ҚР ҚНЖҚ 1.03-06 және ЖЖЖ талаптарына сәйкес жұмыстарды атқару учаскелері мен жұмыс орындарын ұйымдастыруды орындау (жұмыс учаскелерін қоршау; жабдықтарды, материалдар мен бұйымдарды және т.б.) жинау үшін алаңдар дайындау);

- жұмыс жүргізу қауіпті аймағының бүкіл периметрі бойынша дабылды қоршау орнату (МСТ 23407 бойынша);

- жұмыс учаскелерін уақытша электр жабдықтаумен және жарықтандырумен қамтамасыз ету (МСТ 12.1.046 бойынша);

- электрлендірілген қол құрылының жарамдылығын тексеру қажет.

5.1.3 Фен-койлдарды монтаждау және іске қосу-жөндеу жөніндегі жұмыстарды мынадай құрамдағы бригада атқарады:

- желдету, ауаны баптау жүйелерінің, пневмокөлік және аспирацияның 5 разрядты монтажшысы (бұдан әрі мәтін бойынша – монтажшы) (М1) – 1 адам;


- 4 разрядты монтажшы (М2) – 1 адам;

- 3 разрядты монтажшы (М3) – 1 адам.

Электрмен дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезінде 4 разрядты монтажшының 4 разрядтан төмен емес электрмен дәнекерлеуші куәлігі болуға тиіс.

Электр құралымен және электр жабдығымен жұмыс істейтіндер электр қауіпсіздігі бойынша 1 біліктілік тобын иеленуге тиіс.

5.1.4 Фен-койлдарды монтаждау жөніндегі жұмыстарды орындау кезіндегі жұмыс орындарын ұйымдастыру схемасы 3-суретте келтірілген.



- 1 – магистралдық өткізгіш түтіктің шығуы;
- 2 – қосу өткізгіш түтігі;
- 3 – реттегіш клапан (вентиль);
- 4 – корпуста тік орындалған фен-койл;
- 5 – электр желісіне қосу кабелі;
- 6 – үй-жайдың ішкі қабырғасы (далда);
- 7 – құралдар салынған жәшік;
- 8 – ұсақ материалдар мен бекіткіштер салынған жәшік;

(M1), (M2), (M3) – жұмысшылардың орналасу орны

3-сурет - Фен-койлдарды монтаждау жөніндегі жұмыстарды орындау кезіндегі жұмыс орындарын ұйымдастыру схемасы

5.2 Жұмыстар жүргізу технологиясы

5.2.1 Дайындау жұмыстары

Техникалық персоналдан нұсқау алып, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша нұсқамадан өтіп, жұмыс құжаттамасымен, ЖЖЖ және осы технологиялық картамен танысқаннан кейін, жұмысшылар қажетті құралдарды, айлабұйымдарды, материалдарды алады, олардың түгелдігін және жарамдылығын тексереді.

Фен-койлдарды монтаждау жөніндегі жұмыстарды бастардың алдында мынадай жұмыстар орындалуға және актілер бойынша қабылдануға тиіс:

- жабдықтар орнатылатын қабат аралық жабындарды, қабырғалар мен далдаларды монтаждау;

- фен-койлдар орнатылатын орындарға еден (немесе тиісті дайындық) орнату;

- магистралдық өткізу түтіктерін монтаждау;

- жеткізуші өткізу түтіктерін салу үшін жабындарда, қабырғалар мен далдаларда қуыстар, тесіктер, жыралар, ойықшалар және ұяшықтар дайындау;

- үй-жайдың ішкі және сыртқы қабырғаларына таза еденнің жобалық белгілерін салу;

- сыртқы қоршау конструкцияларға жылыту құрылғысы бар терезе блоктары мен терезе асты тақтайларын (олар болған кезде) орнату;

- фен-койлдар орнатылатын орындардағы және өткізгіш түтіктерді жасырын салу орындарындағы қабырғалардың, ойықшалардың және жыралардың беттерін сылау және әрлеу;

- электр құралын 50 м аспайтын қашықтықтан қосу мүмкіндігін қамтамасыз ету.

5.2.2 Негізгі және қосалқы жұмыстар

Фен-койлдарды монтаждау және іске қосу-жөндеу жөніндегі жұмыстар мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады:

- бекіту элементтерін монтаждау. Фен-койлдың орындалуына байланысты оны бекіту элементтері жобалық жағдайға жинақталады. Салынатын бөлшектерді немесе анкерлік болттарды (шпилкаларды) орнату үшін жабынға, қабырғаларға және далдаларға бұрғылап тесіктер тесуді жобалық құжаттамаға сәйкес орындау қажет. Ұшқын шығаратын жұмыстарды орындау кезінде (электрмен дәнекерлеу, металлды абразивтік және газбен кесу) монтаждалып қойған конструкциялар мен элементтердің ұшқынынан және шашырандысынан қорғануды көздеу қажет. Еден деңгейінен 1,5 м астам биіктікте бекіту элементтерін монтаждау кезінде мүкәммалдық төсемдерді (үстелшелер, мұнаралар және т.б.) пайдалану қажет;

- фен-койл блогын монтаждау. Фен-койл блогын монтаждардың алдында бекіту элементтерінің көтергіштік қабілетін тексеру қажет. Фен-койлдың блогы жеткізу жиынтығына кіретін бекіту бөлшектерінің (гайкалардың, қысқыштардың, бекіткіштердің және т.б.) көмегімен жобалық жағдайда орнатылып, бекітіледі. Фен-койл блогын орнату үдерісінде осы жабдықтың түрін монтаждау жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес оның орналасуын көлденең және тік жазықтыққа қатысты реттеу қажет. Фен-койл блогының монтаждау позициясы жеткізуші өткізгіш түтіктер мен электр кабельдерін тартуға және қосуға арналған одан арғы шығындарды барынша оңтайландыруға тиіс. Фен-койл блогын еден деңгейінен 1,5 м астам биіктікте монтаждау кезінде мүкәммалдық төсемдерді (үстелшелер, мұнаралар және т.б.) пайдалану қажет;

- жеткізуші өткізгіш түтіктерді монтаждау. Жеткізуші өткізгіш түтіктерді магистралдық гидравликалық желілердің шығарылымдарынан фен-койлдың блогына монтаждау кезінде өткізгіш түтік материалының температурамен деформациялануы факторын ескеру қажет, ол үшін материалдар мен қосылыстарға артық жүктеме салмай, өткізгіш түтіктің (патрубклардың) көлденең және тік учаскелері мөлшерінің жылумен өзгеруін қалпына келтіруді қамтамасыз ету қажет. Өткізгіш түтіктердің жабық (жырашалар, ұяшықтар) және ашық (кронштейндер, қамыттар) учаскелерін бекіту элементтері монтаждалатын өткізгіш түтіктің салмағын сенімді көтеруді қамтамасыз етуге тиіс. Бекіту бөлшектерінің жиынтықтылығы, оларды орнату тәсілі, қадамы және басқа да параметрлері жобалық және технологиялық құжаттаманың талаптарына сәйкес қабылданады. Өткізгіш түтіктің жекелеген учаскелерін кескен кезде кесілген жерді қабыршықтардан тазарту қажет. Жеткізуші өткізгіш түтіктер клапандар мен вентильдер орнату арқылы фен-койл блогының штуцерлеріне қосылады. Конденсатты фен-койл блогының жылу алмастырғышынан бұрып әкету үшін дренаждық өткізгіш түтік монтаждалады (егер жобада өзгеше көзделмесе). Өткізгіш түтіктің ернемектік қосылыстарының саңылаусыздығын аралық қабаттар (поролон, полимерлі мастикалық ширақ, асбестті шнур, қышқылға төзімді резеңке немесе пластик) қою жолымен қамтамасыз ету қажет, әрі ернемектердің арасындағы аралық қабаттар өткізгіш түтіктің

ішіне қарай шығып тұрмауға тиіс. Өткізгіш түтіктің ернемексіз қосылыстарының саңылаусыздығын ернемектендіретін мастиктер жағу жолымен немесе ернемектендіретін және температураға төзімді ленталардың және манжеттердің көмегімен қамтамасыз ету қажет.

Ауаны баптау жүйесінің өткізгіш түтіктерін монтаждау кезіндегі маңызды фактор тазалық және өткізгіш түтіктің ішкі қабырғаларында әр түрлі қоспалардың (қоқыс, шаң) болмауы болып табылады;

- электр монтаждау жұмыстары. Электр монтаждау жұмыстарын орындау кезінде электр қауіпсіздігінің, жобалық және технологиялық құжаттаманың талаптарын қатаң сақтау қажет. Фен-койл блогын міндетті түрде жерге қосу, ал электрмен қоректендіретін кабельді қосылатын жабдықтың техникалық сипаттамаларына сәйкес келетін номиналдық кернеуі бар жеке қоректендіру ұяшығына қосу қажет. Электр кабелін тарту кезінде оны клемалық колодкалардың көмегімен бекіту немесе қорғаныштық қорапқа жасыру қажет. Фен-койлдың әрбір блогы авариялық ажыратуға арналған күштік рубильникпен толықтырылуға тиіс;

- жеке сынау жүйелері. Жұмыс істеп тұрған немесе уақытша қоректендіру желілеріне бірге орнатылған және қосылған фен-койлды жеке сынауды бастағанға дейін оның іс жүзіндегі орындалуының жобаға сәйкестігін тексеру қажет. Жеткізу өткізгіш түтіктерін, қосу бөлшектері мен бекіту арматурасын саңылаусыздыққа тексеруді МСТ 12.3.018 талаптарына сәйкес аэродинамикалық сынау әдісімен орындау қажет. Сынау нәтижелері тиісті актімен ресімделуге тиіс. Жүйені жеке сынау рәсімінен кейін фен-койлды бос жүрісте жүргізіп бейімдеуді орындау қажет. Жүргізіп бейімдеудің ұзақтығы мен параметрлері техникалық шарттар немесе жабдықтың осы түріне арналған паспорт бойынша қабылданады. Жарамсыздықтар туындаған кезде олардың пайда болу себебін анықтау және жою, содан кейін жүйені қайталап сынауды және жүргізіп бейімдеуді жүргізу қажет;

- іске қосу-жөндеу жұмыстарының кешені. Фен-койлдарды іске қосу-жөндеу «чиллер – фен-койл» ауа баптағышы жүйесін кешенді сынау үдерісі болып табылады, ол мыналарды қамтиды: жұмыс істеп тұрған жабдықтарды бір мезгілде сынау; жабдықтардың іс жүзіндегі параметрлерінің жобаға сәйкестігін анықтай отырып, олардың әр түрлі технологиялық режимдерде жұмыс істеу қабілетін тексеру; қорғау, блоктау, дабылдама және басқару құрылғыларын сынау; есептеу нүктелеріндегі дыбыс қысымының деңгейін өлшеу. Іске қосу-жөндеу жұмыстарын жүргізу барысында жүйенің жұмыс істеу қабілетінің ақаулары, олардың туындау себептері анықталуға, сондай-ақ осы себептерді жою жөнінде шаралар қабылдануға тиіс.

«Чиллер – фен-койл» ауаны баптау жүйесін кешенді сынау мамандандырылған жөндеу ұйымын тарту мүмкіндігімен бас мердігермен және монтаждау ұйымымен келісіп тапсырыс беруші әзірлеген кесте бойынша ҚНЖҚ 3.05.05 талаптарына сәйкес орындалуға тиіс.

5.2.3 Қорытынды жұмыстар

Әрбір ауысымның аяғында жұмыс орындарын жинастыруды орындау және құралдар мен материалдардың қалдықтарын қоймадағы жауапты адамға беру қажет.

Қаттама ыдыстарының қалдықтарын, материалдарды, құралдарды және басқа да мүкәммалды жұмыс орындарында қалдыруға тыйым салынады.

5.3 Жұмыстарды қысқы жағдайларда жүргізу

Фен-койлдарды монтаждау және іске қосу-жөндеу жөніндегі жұмыстар қысқы уақыт кезеңінде мынадай шарттарда орындалуы мүмкін:

- жабдықтарды монтаждау және сынау орындалатын үй-жайдағы ауаның температурасы плюс 5°C төмен болмауға тиіс. Ол үшін барлық конструкциялық қуыстарды (есіктерді, терезелерді) және технологиялық қуыстар мен тесіктерді дайын

блоктармен немесе уақытша қалқалармен (маталармен) толтыруды көздеу, сондай-ақ жылу шашқыштардың немесе зауытта дайындалған жылыту қондырғыларының көмегімен монтаждау аймағына жылы ауа айдауды ұйымдастыру қажет;

- жұмыс орындарына өтетін жерлер, оның ішінде баспалдақ клеткалары мен материалдар түсіру алаңшалары қыраудан, қардан және мұздан тазартылуға, ал қажет болған жағдайда ол жерлерге құм себілуіне тиіс;

- жұмысшылар жылы және жұмыс уақытында олардың қимылына кедергі келтірмейтін қолайлы киім киіп жүруге тиіс;

- орнатылатын жабдықты монтаждау және пайдалану жөніндегі паспорттар мен нұсқаулықтардың талаптары сақталуы қажет;

- төмен температура кезінде пайдаланылатын электр және пневматикалық құралдарды пайдалану жөніндегі паспорттар мен нұсқаулықтардың талаптары сақталуы қажет.

5.4 Фен-койлдарды монтаждау және іске қосу-жөндеу жөніндегі операциялық карта 2-кестеде келтірілген.

2-кесте - Фен-койлдарды монтаждау және іске қосу-жөндеу жөніндегі операциялық карта

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жарақ, құрал, мүкәммал, айлабұйым), машиналар, тетіктер, жабдық	Орындаушы	Операцияның сипаттамасы
Дайындық жұмыстары			
Нұсқама, құжаттамамен танысу	-	5 разрядты монтажшы (М1), 4 разрядты монтажшы (М2), 3 разрядты монтажшы (М3)	Жұмыстарды орындар алдында бригаданың барлық жұмысшылары техникалық персоналдан нұсқау алады (жұмыс жобасымен, ЖЖЖ, осы технологиялық картамен, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау нұсқаулықтарымен танысу), қажетті сайман, материалдар, құрал, жарақ және айлабұйымдар алады. М1, М2 и М3 өздерінің жұмыс орындарын дайындайды (электр құралын қосу және жұмыс қабілетін тексеру, қарау, айлабұйымдарды, мүкәммалды және слесарьлық қол құралын дайындау)
Негізгі және қосалқы жұмыстар			
Бекіту элементтерін монтаждау	Электр бұрғы, кесу машинкасы, электрмен дәнекерлеу аппараты, балға, егеу, гайка кілттерінің жиынтығы, өлшеу құралы, маркер, жәшік	М1, М2, М3	М1 және М3 өлшеу құраланың және маркердің көмегімен бекіту элементтерін орнату орнын белгілейді. М3 электр бұрғының көмегімен негізгі конструкцияларға бұрғылап тесік теседі. М2 кесу машинкасының көмегімен металл дайындамалар кесіп және оларды электр дәнекерлеу аппаратының көмегімен бөлшекке біріктіріп, бекітудің салма бөлшектерін дайындайды. М2 дәнекерлеу тігістерінен қақты балғамен ұрып түсіреді, бөлшектердің шетін егеумен тазартады және оларды жәшікке салады. М3 бекіту бөлшектері бар жәшікті орнату орнына әкеледі, орнатады және гайка кілттерінің көмегімен бекіту элементтерін анкерлік болттармен бекітеді. М1 орнатылған бекіту элементтерін жоба бойынша дәлдейді.

2-кесте (жалғасы)

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жарақ, құрал, мүкәммал, айлабұйым), машиналар, тетіктер, жабдық	Орындаушы	Операцияның сипаттамасы
Фен-койлдың блогын монтаждау	Гайка кілттерінің жиынтығы, отверткалар, өлшеу құралы	М1, М2, М3	М1 орнатылған бекіту элементтерінің сенімділігін тексереді. М2 және М3 фен-койлдың блогын орнатады (іледі) және оны жеткізілімнің жиынтығына кіретін бөлшектермен отверткалардың және гайка кілттерінің көмегімен жобалық жағдайға бекітеді. М1 фен-койлдың бірге орнатылған блогының орналасуын өлшеу құралының көмегімен дәлдеуді орындайды.
Жеткізуші өлшегіш түтіктерді монтаждау	Электр бұрғы, кесу машинкасы, гайка кілттерінің жиынтығы, егеу, пышақ, бояу жаққыш	М1, М2, М3	М1 және М2 желілер тарту схемаларына және жеткізілімнің ерекшелігіне сәйкес өткізгіш түтіктің элементтерін жинайды. М3 кронштейндер мен ұстатқыш қамыттар орнату үшін электр бұрғының көмегімен т/б немесе кірпіш конструкцияларына тесік теседі. М1 және М2 магистралдық желілердің шығысынан фен-койл блогының штуцерлеріне дейін өткізгіш түтіктер тартады. М2 гайка кілттерінің немесе отверткалардың көмегімен қамыттардың гайкаларын қысып, түтіктердің орналасуын бекітеді. М1 тиісінше гайка кілттерінің және бояу жаққыштың көмегімен аралық қабаттар орнатып және мастика жағып, әртүрлі клапандар мен вентильдерді ернемекті және ернемексіз қосылыстармен өткізгіш түтіктің құбырына бекітіп, орнатады. М3 жұмыс үдерісінде қажет болған кезде кейіннен шеттерін егеумен және қырнау қағазымен тазарта отырып, кесу машинкасының және пышақтың көмегімен өткізгіш түтіктердің элементтерін кесуді орындайды. М1 және М2 жеткізуші өткізгіш түтіктерді жобаға сәйкес монтаждаудың және бекіту арматурасын орнатудың дұрыстығын тексереді. Жұмыстарды орындау үдерісінде монтаждалатын өткізгіш түтіктер элементтерінің тазалығын қадағалау қажет

2-кесте (жалғасы)

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жарақ, құрал, мүкәммал, айлабұйым), машиналар, тетіктер, жабдық	Орындаушы	Операцияның сипаттамасы
Электр-монтаждау жұмыстары	Шуруп бұрағыш, металл кесетін ара, егеу, өлшеу құралы, маркер	М1, М2, М3	М1 және М2 өлшеу құралының және маркердің көмегімен электр кабелін қоректендіру көзіне (розеткаға) салудың оңтайлы траекториясын өлшеп, белгілейді. М3 кесілген жерді егеумен тазарта отырып, қорғаныштық қорапты белгі бойынша металл кесетін арамен кеседі. М1 және М2 қорғаныштық қораптың науасын ғимараттың конструкцияларына шуруп бұрағыштың көмегімен өзі тесетін шегелермен бекітеді. М3 кабельді науаға салады және қорғаныштық қораптың қақпағын жабады.
Жүйені жеке сынау	Бірге орнатылған фен-койлды жеке сынауға арналған жабдық	М1, М2, М3	М1 фен-койл блогы мен оған қосылған жеткізуші өткізгіш түтіктердің жобаға сәйкес монтаждалуының дұрыстығын тексереді. М2 және М3 датчиктер орнатылған арнайы жабдықтың көмегімен өткізгіш түтікті саңылаусыздыққа сынайды. М1 сынақ нәтижелерін тіркейді. Өткізгіш түтікті саңылаусыздыққа тексергеннен кейін М2 және М3 жүйені бос жүрісте іске қосуды орындайды. М1 жүйенің жұмысын қадағалайды және нәтижелерін тіркейді. Жарамсыздықтар туындаған кезде М1, М2 және М3 ақауларды жояды және қайталама сынақ жүргізеді
Іске қосу-жөндеу жұмыстары кешені	Ауаны баптау жүйесін кешенді сынауға арналған жабдық	М1, М2, М3	М1, М2 және М3 ауаны баптау жүйесін кешенді сынау жөніндегі комиссияның құрамында фен-койлдың жұмыс қабылетін тексереді: әртүрлі режимдердегі жұмыс; іс жүзіндегі параметрлерді өлшеу және жобамен салыстыру; дабылдық және блоктық қорғау жүйелерін сынау. Жарамсыздықтар туындаған кезде М1, М2 және М3 ақауларды жояды және қайталама сынақ жүргізеді

2-кесте (жалғасы)

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жарақ, құрал, мүкәммал, айлабұйым), машиналар, тетіктер, жабдық	Орындаушы	Операцияның сипаттамасы
Қорытынды жұмыстар			
Жұмыстарды аяқтау және жұмыс орындарын жинастыру	Щеткалар, жәшіктер, шелектер	М1, М2, М3	Бригаданың барлық жұмысшылары щеткалардың көмегімен құрылыс қоқысын сыпырып, өз жұмыс орындарын жинастырады, материалдардың қалдықтары мен қоқысты тиісінше жәшіктерге және шелектерге салады, материалдарды, құралдарды, айлабұйымдарды және жарактарды қоймадағы жауапты тұлғаға тапсырады.

6 Материалдық-техникалық ресурстардың қажеттілігі

6.1 Фен-койлдарды монтаждау және іске қосу-жөндеу жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомосі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте - Фен-койлдарды монтаждау және іске қосу-жөндеу жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде материалдар мен бұйымдарға қажеттілік

Жұмыстар көлемі – 1,0 фен-койл

Р/с №	Материалдың, бұйымның атауы	НҚ атауы және белгіленуі	Өлшем бірлігі	Саны
1	Фен-койл (жеткізілім жиынтығы)	Жоба бойыша	дана	1,0
2	Бекіту және реттеу арматурасының жиынтығы (клапандар, вентилдер және т.б.)	Жоба бойыша	дана	1,0
3	Жеткізуші өткізгіш түтіктер	Жоба бойыша	м	Жоба бойынша
4	Бекіту элементтері үшін металл прокатынан жасалған дайындамалар	Жоба бойыша	кг	Жоба бойынша
5	Қорғаныштық диэлектриктік қорап	-	м	Жоба бойынша
6	Өзі тескіштер Ø4x35 мм	-	дана	Жоба бойынша
7	Анкерлік болттар (шпилькалар) Ø10x120 мм	-	дана	Жоба бойынша
8	Бетон (кірпіш) бұрғысы Ø10 мм	МСТ 17012	дана	0,25
9	Металл бұрғысы: - Ø6 мм; - Ø10 мм	МСТ 2034	дана	0,30 0,12
10	Электродтар Э46(МР-3С) Ø4,0 мм	МСТ 9466	кг	0,45
11	Араның түзі (металл кесетін)	МСТ 6645	дана	0,05
12	Абразивтік кесу шеңбері Ø230x2,5 мм	-	дана	0,48
13	Қырнау қағазы Р16-2000 (корунд)	-	м ²	0,02
14	Мақта-мата шүберегі (бұйымдарды тазарту)	-	кг	0,1
15	Сабын ерітіндісі (саңылаусыздыққа сынау)	-	л	0,10

6.2 Фен-койлдарды монтаждау және іске қосу-жөндеу кезінде пайдаланылатын машиналардың, тетіктердің, жабдықтардың, технологиялық жарақтың, құралдың, мүкәммал мен айлабұйымдардың тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте – Машиналардың, тетіктердің, жабдықтардың, технологиялық жарақтың, құралдың, мүкәммал мен айлабұйымдардың тізбесі

Бригадаға – 3 адам

Р/с №	Атауы	Тағайындалуы	Негізгі техникалық сипаттамалары	Буынға (бригадаға) саны, дана
1	Фен-койлды жеке сынауға арналған жабдықтар жиынтығы	Жеке сынақтар жүргізу	Қиыстырылған қысым қабылдағышы, вакуумдық сорғы, 4 және 2 вентильді коллекторлар, ағу іздегіш, манометрлер, анемометрлер, барометрлер, психрометрлер, термометрлер	1
2	«Чиллер – фен-койл» жүйесін кешенді сынауға арналған жабдықтар жиынтығы	Кешенді сынақтар жүргізу		1
3	Электрмен дәнекерлеу аппараты	Металл элементтерді дәнекерлеу	U=220 В	1
4	Соққылы электр бұрғы	Т/б конструкцияларға тесіктер бұрғылау	P=650 Вт	1
5	Шуруп бұрағыш	Өзі тескіштерді бекіту	$V_{\max}=1450 \text{ об/мин}$ $M_{\text{кр.}}=34\text{Нм}$	1
6	Электрмен кесу машинкасы	Металл дайындамалар-ды кесу және тазарту	P=2500 Вт; $\varnothing_{\text{д.}}=230\text{мм}$	1
7	Слесарьлық балға	Слесарлық жұмыстар	Массасы 0,75 кг	2
8	Гайка кілттері	Жендер мен кабельдерді бекіту	Мүйізді (жаппалы)	1 жиын-тық
9	Отверткалар	Шуруптарды бұрау	Жазық және кресті	1 жиын-тық
10	Ара рамкасы	Слесарлық жұмыстар	$L_{\text{тол.}}=300 \text{ мм}$	1
11	Егеу	Слесарлық жұмыстар	-	1
12	Слесарлық пышақ	Слесарлық жұмыстар	-	1
13	Щеткалар мен бояу жаққышта	Бұйымдар мен жұмыс орнын тазарту	-	3
14	Жәшіктер мен шелектер	Материалдар (коқыс) сақтау	-	2/2
15	Маркер	Белгі салу	-	1

4-кесте (жалғасы)

Бригадаға – 3 адам

Р/с№	Атауы	Тағайындалуы	Негізгі техникалық сипаттамалары	Буынға (бригадаға) саны, дана
16	Баспалдақ	Төсеу құралы	Биіктігі – ЖЖЖ бойынша	2
17	Жиналмалы төсемдер	Төсеу құралы	Биіктігі – ЖЖЖ бойынша	жиынтық
18	Комбинезон	Жеке қорғану құралы	-	3
19	Бәтеңкелер	Жеке қорғану құралы	-	3 пар
20	Қолғаптар	Жеке қорғану құралы	-	3 пар
21	Монтаждау каскасы	Жеке қорғану құралы	-	3
22	Респиратор	Жеке қорғану құралы	-	3
23	Қорғаныштық көзәйнек	Жеке қорғану құралы	-	3
24	Дәнекерлеу жұмысы үшін қорғаныштық қалқандар	Жеке қорғану құралы	Жарық жұту қабілеті бар әйнек	1
25	Сақтандыру белдігі	Жеке қорғану құралы	L=1,5 м ұзарумен	3
26	Сақтандыру арқаны	Жеке қорғану құралы	L=30 м; Ø12 мм	1
27	Қауіпсіздік белгілері	Қауіпті аймақтарды белгілеу	-	ЖЖЖ бойынша
28	Өрт сөндіргіш	Жергілікті өрттерді өшіру	V=10 л	ЖЖЖ бойынша
29	Аптечка	Жарақат кезіндегі алғашқы көмек	-	1
30	Өлшеу құралы (теодолит, нивелир, сызғыш, рулетка, штангенциркуль, деңгей-тақтайша)	Өлшеу және бақылау құралы	-	жиынтық

7 Жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар

Фен-койлдарды монтаждау және іске қосу-жөндеу жөніндегі жұмыстарды орындау кезіндегі технологиялық үдерістерді бақылау картасы 5-кестеде келтірілген.

5-кесте – Технологиялық үдерістерді бақылау картасы

Бақылау объектісі (технологиялық үдеріс)	Бақыланатын параметр			Бақылау (сынамала рды іріктеу) орны	Бақылау кезеңділі гі	Бақы- лауды немесе сынақ жүргізуді орындауш ы	Бақылау әдісі, НҚ белгілеу	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналды қ мәні	Шекті ауытқу					НҚ түрі, маркасы, белгіленуі	Өлшем диапазоны, қателігі, дәлдік сыныбы	
Кіру бақылауы										
Фен-койл блогы	Жиынтықтылық	Жоба және дайындаушы зауыттың нұсқаулықтары бойынша	-	Жұмыстарды орындау учаскесі	Тұтас	Шебер (прораб)	Көзбен шолу	Жоба және дайындаушы зауыттың нұсқаулықтары	-	Кіру бақылауы журналы
Жеткізуші өткізгіш түтіктер және бекіту элементтері	Жиынтықтылық	Жоба бойынша	-	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Ілеспе құжаттама	-	Бұл да
	Геометриялық мөлшер, мм	Жоба бойынша	-	-«-	-«-	-«-	Өлшеу	Өлшеу рулеткасы	Өлшеу диапазоны 0-ден 5000 мм дейін, бөлу бағасы 1,0 мм	-«-
								Штангенциркуль	Өлшеу диапазоны 0 мм-ден 250 мм. дейін бөлу бағасы ±0,1 мм	

5-кесте (жалғасы)

Бақылау объектісі (технологиялық үдеріс)	Бақыланатын параметр			Бақылау (сынамаларды іріктеу) орны	Бақылау кезеңділігі	Бақылауды немесе сынақ жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, НҚ белгілеу	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқу					НҚ түрі, маркасы, белгіленуі	Өлшем диапазоны, қателігі, дәлдік сыныбы	
Операциялық бақылау										
Бекіту элементтерін монтаждау	Орнатылған бекіту элементтерінің көлденендігі, мм	Жоба бойынша	ҚР ҚНЖҚ 4.02-42 бойынша	Жұмыстар атқару учаскесі	Тұтас	Шебер (прораб)	Өлшеу	Деңгей-тақтайша Өлшеу сызғышы	Өлшеу диапазоны 0 мм-ден 1000 мм дейін, бөлу бағасы 1,0 мм	Өндіріс журналы
	Орнатылған бекіту элементтерінің тіктігі, мм	Жоба бойынша	ҚР ҚНЖҚ 4.02-42 бойынша	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бағытты лазерлі көрсеткіші бар теодолит	Оптикалық микрометр шкаласы- ның о.д. 0,05мм± 0,003мм	Бұл да
Фен-койл блогын монтаждау	Тірек беттері белгісінің ауытқуы, мм	Жоба бойынша	ҚР ҚНЖҚ 4.02-42 бойынша	-«-	-«-	-«-	-«-	Үштағаны және тақтайшасы бар нивелир	Оптикалық микрометр шкаласы- ның о.д. 0,05мм± 0,003мм	-«-
	Монтажалған фен- койл блогының көлденең және тік орналасуы, мм	Жоба бойынша	ҚР ҚНЖҚ 4.02-42 бойынша	-«-	-«-	-«-	-«-	Деңгей-тақтайша Өлшеу сызғышы	Өлшеу диапазоны 0 мм-ден 1000 мм дейін, бөлу бағасы 1,0 мм	-«-

5-кесте (жалғасы)

Бақылау объектісі (технологиялық үдеріс)	Бақыланатын параметр			Бақылау (сынамаларды іріктеу) орны	Бақылау кезеңділігі	Бақылауды немесе сынақ жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, НҚ белгілеу	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқу					НҚ түрі, маркасы, белгіленуі	Өлшем диапазоны, қателігі, дәлдік сыныбы	
Жеткізуші өткізгіш түтіктерді монтаждау	Өткізгіш түтіктердің тіктіктен ауытқуы, мм 1,0 м-ге	2,0	-	Жұмыстар атқару учаскесі	Тұтас	Шебер (прораб)	Өлшеу	Деңгей-тақтайша Өлшеу сызғышы	Өлшеу диапазоны 0 мм-ден 1000 мм дейін., бөлу бағасы 1,0 мм	Өндіріс журналы
	Көлденең учаскелердің хладагент қозғалысының бағыты бойынша көлбеулігі	0,02	-	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Үштағаны және тақтайшасы бар нивелир	Оптикалық микрометр шкаласы- ның о.д. 0,05 мм± 0,003 мм	Бұл да
	Өткізгіш түтіктерді бекіту тәсілі	Жоба бойынша	ҚР ҚНЖҚ 4.02-42 бойынша	-«-	-«-	-«-	Өлшеу Көзбен шолу	Өлшеу рулеткасы	Өлшеу диапазоны 0 мм-ден 5000 мм дейін, бөлу бағасы 1,0 мм	-«-
	Біріктірілетін орындарға аралық қабат салу (мастик жағу)	Жоба бойынша	-	-«-	-«-	-«-	Көзбен шолу	-	-	-«-
Өткізгіш түтіктер беттерінің жағдайы	Даты жоқ тегіс, коррозия ізі жоқ	-	-	-«-	-«-	-«-	Көзбен шолу	-	-	-«-

5-кесте (жалғасы)

Бақылау объектісі (технологиялық үдеріс)	Бақыланатын параметр			Бақылау (сынамаларды іріктеу) орны	Бақылау кезеңділігі	Бақылауды немесе сынақ жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, НҚ белгілеу	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқу					НҚ түрі, маркасы, белгіленуі	Өлшем диапазоны, қателігі, дәлдік сыныбы	
Фен-койлды жеке сынау	Жеткізуші өткізгіш түтіктердің және оларды магистралдық өткізгіш түтіктерге, бекіту және реттеу арматурасы мен фен-койл блогына қосу орындарының саңылаусыздығы	МСТ 12.3.018 бойынша	-	Жұмыстар атқару учаскесі	Тұтас	Шебер (прораб)	Өлшеу	Фен-койлды жеке сынауға арналған жабдықтар жиынтығы		Жұмыс жүргізу журналы, жабдық- тарды жеке сынау нәтижелері туралы есеп
Қабылдаулық бақылау										
«Чиллер – фен- койл» ауаны баптау жүйесін кешенді сынау	Фен-койлдың жобалық- технологиялық режимдерде жұмыс істеу қабілеті	Жарам- сыздық-тар мен ақаулар- дың жоқтығы	-	Қоса бекітілген фен-койл	Тұтас	Қабылдау комиссиясы	Өлшеу	«Чиллер – фен-койл» жүйесін кешенді сынауға арналған жабдықтар жиынтығы		Жұмысты қабылдау актісі, жүйені кешенді сынау нәтижелері туралы есеп

8 Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау

